

**Бурабай ауданында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 маусымдағы № А-7/344 қаулысы. Ақмола облысы Бурабай ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 25 шілдеде № 1-19-235 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 21 қарашадағы № а-11/755 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 21.11.2014 № а-11/755 (ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткенде қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография мен пунктуация сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 14 тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5-5) және 5-6) тармақшаларына сәйкес, Бурабай ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :**

1. Бурабай ауданында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының жалпы санының бір пайызы мөлшерінде **к в о т а б е л г і л е н с і н .**

2. «Бурабай ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы» Бурабай ауданы әкімдігінің 2011 жылдың 8 шілдедегі № А-7/302 қаулысы күшін жойды деп танылсын (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1-19-202 нөмірмен тіркелген, аудандық «Луч» газетінің 2011 жылғы 28 шілдедегі 60 нөмірінде, аудандық «Бурабай» газетінің 2011 жылғы 28 шілдедегі 32 нөмірінде **ж а р и я л а н ғ а н**).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **М.Б.Нұрпанаоваға жүктелсін.**

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Бурабай ауданының әкімі*

*Ә.Ғазиз*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК